**Құрылыс-монтаждау жұмысын орындау кезіндегі қызметті қоспағанда, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілердің, күзет қызметі субъектілерінің, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, жарылғыш заттар мен материалдарды, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдарды, улы заттарды, түрлі-түсті көбейту-көшіру техникасын сақтайтын субъектілердің және мөрлер мен мөртаңбаларды дайындау жөніндегі штемпельдік-граверлік кәсіпорындардың тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 506 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 42 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 19 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6071 болып енгізілді. Бірлескен бұйрық 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

РҚАО-ның ескертпесі!

Бірлескен бұйрықтың қолданыста болу мерзімі - 01.01.2011 дейін (бұйрықтың 6-т.)

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Мынадай:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрылыс-монтаждау жұмысын орындау кезіндегі қызметті қоспағанда, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерді;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес күзет қызметі субъектілерін;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтайтын субъектілерді;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жарылғыш заттар мен материалдарды сақтайтын субъектілерді;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтайтын субъектілерді;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес улы заттарды сақтайтын субъектілерді;

7) осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес түрлі-түсті көбейту-көшіру техникасын сақтайтын және пайдаланатын субъектілерді;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес мөрлер мен мөртаңбаларды дайындау жөніндегі штемпельдік-граверлік кәсіпорындарды тексеру парақтарының нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті ( М.Т. Қабденов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Алматы және Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы бұйрықты зерделеуді және талаптарының орындалудын ұйымдастырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары А.В. Кулиничке жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін әрекет етеді.

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасының<br>Ішкі істер министрі<br>___________ С. Баймағанбетов | Қазақстан Республикасының<br>Экономика және бюджеттік<br>жоспарлау министрі<br>_____________ Б. Сұлтанов |

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2009 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 506 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 10 ақпандағы
№ 42 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Нысан

**Құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау кезіндегі қызметті қоспағанда, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерді тексеру парағы**

Объект ____________________________________________________________

(заңды тұлға/жеке кәсіпкер,

____________________________________________________________

атауы, мекен-жайы, телефоны)

Тексеріске қатысушы тұлғалар:

Жауапты адам (басшы немесе оның сенім білдірген қызметкері) ________

____________________________________________________________

(лауазымы, Т.А.Ә.)

ІІО-ның қызметкері ____________________________________________

(лауазымы, Т.А.Ә.)

| № | Тексеріс барысында қамтылатын мәселелер | Түсініктеме | Иә | Жоқ | ҚЕ/Қ |
|---|---|---|---|---|---|
| Заңды тұлғалар үшін | | | | | |
| 1. | Ұйым басшысының жұмыстың осы бейініне сәйкес келетін жоғары білімі бар | | | | |
| 2. | Ұйымда радиожелілік спектрі бар күзет сигнализациясының жүйелерін монтаждау және пайдалану кезінде санитарлық және экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы бар | | | | |
| 3.* | Қауіпсіздік жүйелерін орнату бойынша жұмыс жүргізушілердің жоғары кернеулі жұмыстарға рұқсаты бар | | | | |
| 4. | Ұйымның үй-жайға санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкес келетіні туралы қорытындысы бар | | | | |
| 5. | Ұйымның күзет сигнализациясы құралдарын ретке келтіруді, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын құрал-жабдықтың техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға арналған құрал-жабдығы ( немесе оны жалға алу келісім-шарты) бар | | | | |
| 6. | Субъект ішкі істер органдары қызметкерлерінің ұйғарымдарын және басқа да заңды талаптарын орындаған | | | | |
| Жеке тұлғалар үшін | | | | | |
| 7. | Жеке тұлғаның жұмыстың осы бейініне сәйкес келетін жоғары немесе арнайы орта білімі бар | | | | |
| 8.* | Жеке тұлғаның жоғары кернеулі жұмыстарға рұқсаты бар | | | | |
| 9. | Жеке тұлғада радиожелілік спектрі бар күзет сигнализациясының жүйелерін монтаждау және пайдалану кезінде санитарлық және экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы бар | | | | |
| 10. | Ұйымның үй-жайға санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкес келетіні туралы қорытындысы бар | | | | |
| 11. | Жеке тұлғаның күзет сигнализациясы құралдарын ретке келтіруді, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын жабдықтың техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға арналған жабдығы (немесе оны жалға алу келісім-шарты) бар | | | | |
| 12. | Субъект ішкі істер органдары қызметкерлерінің ұйғарымдарын және басқа да заңды талаптарын орындаған | | | | |

Ескерту: Пайдаланылған белгілердің мағынасы
* - елеулі заң бұзушылықтар;
ИӘ - иә, бар, сәйкес келеді, қанағаттанарлық;
ЖОҚ - жоқ, болмаған, сәйкес келмейді, қанағаттанарлықсыз;
ҚЕ/Қ – қажет емес / қарастырылмаған;
ІІО – ішкі істер органдары.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2009 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 506 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 10 ақпандағы
№ 42 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Нысан

## Күзет қызметі субъектілерін тексеру парағы

Объект ______________________________________________________________
(заңды тұлға/жеке кәсіпкер,
_____________________________________________________________________
атауы, мекен-жайы, телефоны)
Тексеріске қатысушы тұлғалар:
Жауапты адам (басшы немесе оның сенім білдірген қызметкері) _________
_____________________________________________________________________
(лауазымы, Т.А.Ә.)
ІІО-ның қызметкері ____________________________________________________
(лауазымы, Т.А.Ә.)

| № | Тексеріс барысында қамтылатын мәселелер | Түсініктеме | Иә | Жоқ | ҚЕ/Қ |
|---|---|---|---|---|---|
| Заңды тұлғалар үшін | | | | | |
| 1.* | Субъект басшысының жоғары заңгерлік білімі немесе Қарулы Күштерде басшылық лауазымдарда немесе құқық қорғау органдарында басшы лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар | | | | |
| 2.* | Субъект басшысы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады | | | | |
| 3. | Субъект басшының жасы 19-дан төмен емес. | | | | |
| 4.* | Субъект басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өтті | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Субъект басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен біліктілікті арттыру курстарынан арнайы бағдарлама бойынша өтті | | | | |
| 6.* | Субъект басшысы денсаулық сақтау органдарында психикалық ауру, маскүнемдік немесе нашақорлық бойынша есепте тұрған жоқ | | | | |
| 7.* | Субъект басшының қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығы жоқ | | | | |
| 8.* | Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады | | | | |
| 9. | Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлерінің жасы 19-дан төмен емес | | | | |
| 10.* | Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өтті | | | | |
| 11. | Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы бағдарлама бойынша қайта даярлықтан өтті | | | | |
| 12.* | Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлерінің қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығы жоқ | | | | |
| 13.* | Күзетшілер лауазымын атқаратын субъект қызметкерлері денсаулық жағдайы бойынша күзет қызметімен айналысуға жарамды (көздің нашар көруіне, психикалық ауруына, маскүнемдікке немесе нашақорлыққа байланысты қаруды қолдануға қарсы көрсетімдер жоқ) | | | | |
| 14.* | Субъект қызметтік және азаматтық қару пайдаланған жағдайда қару мен оқ-дәрілерді сақтауға арналған үй-жайлары (не белгіленген талаптарға жауап беретін үй-жайларда оларды сақтауға келісім-шарт) бар | | | | |
| 15. | Субъект ішкі істер органдары қызметкерлерінің ұйғарымдары мен басқа да заңды талаптарын орындады | | | | |
| 16. | Субъект күзет қызметтерін көрсету туралы келісім-шарт жасасудың жазбаша нысанын сақтайды | | | | |
| 17. | Субъект күзетшілер лауазымын атқаратын қызметкерлерді міндетті сақтандыру туралы талаптарды сақтайды | | | | |
| 18. | Субъект күзетшілерінің штаттың саны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормативке сәйкес келеді | | | | |
| 19.* | Субъект күзетшілері қызметтік міндеттерін орындау кезінде қылмыс жасауға жол бермеген | | | | |
| 20. | Субъект күзетшілері жұмыстан тыс қасақана қылмыстар жасауға жол бермеген | | | | |
| 21. | Субъект күзетшілердің арнайы киім киюі бойынша талаптарды сақтайды | | | | |
| Жеке тұлғалар үшін | | | | | |
| 22.* | Жеке күзетші Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады | | | | |
| 23. | Жеке күзетшінің жасы 19-дан төмен емес | | | | |
| 24.* | Жеке күзетші Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өтті | | | | |
| 25. | Жеке күзетші Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы бағдарлама бойынша қайта даярлықтан өтті | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 26.* | Жеке күзетшінің қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығы жоқ | | | | |
| 27.* | Жеке күзетші денсаулық жағдайы бойынша күзет қызметімен айналысуға жарамды (көздің нашар көруіне, психикалық ауруына, маскүнемдікке немесе нашақорлыққа байланысты қаруды қолдануға қарсы көрсетімдер жоқ) | | | | |
| 28. | Жеке күзетшінің тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы құжаты бар | | | | |
| 29. | Жеке күзетшінің ішкі істер органдарының учаскелік инспекторынан мінездемесі бар | | | | |
| 30. | Жеке күзетшіде оның жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенін растайтын құжаты бар | | | | |
| 31. | Жеке күзетші ішкі істер органдары қызметкерлерінің ұйғарымдары мен басқа да заңды талаптарын орындады | | | | |
| 32. | Жеке күзетші күзет қызметін көрсету туралы келісім-шарт жасасудың жазбаша нысанын сақтайды | | | | |
| 33. | Жеке күзетші арнайы киім кию бойынша талаптарды сақтайды | | | | |
| 34.* | Жеке күзетші қызметтік міндеттерін орындау кезінде қылмыс жасауға жол бермеген | | | | |
| 35. | Жеке күзетші жұмыстан тыс қасақана қылмыс жасауға жол бермеген | | | | |

Ескерту: Пайдаланылған белгілердің мағынасы
* - елеулі заң бұзушылықтар;
ИӘ - иә, бар, сәйкес келеді, қанағаттанарлық;
ЖОҚ - жоқ, болмаған, сәйкес келмейді, қанағаттанарлықсыз;
ҚЕ/Қ – қажет емес / қарастырылмаған;
ІІО – ішкі істер органдары.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2009 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 506 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 10 ақпандағы
№ 42 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Нысан

## Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтайтын субъектілерді тексеру парағы

Объект ______________________________________________________________
(заңды тұлға/жеке кәсіпкер,

______________________________________________________

атауы, мекен-жайы, телефоны)

Тексеріске қатысушы тұлғалар:

Жауапты адам (басшы немесе оның сенім білдірген қызметкері) ________

______________________________________________________

(лауазымы, Т.А.Ә.)

ІІО-ның қызметкері _______________________________________

(лауазымы, Т.А.Ә.)

| № | Тексеріс барысында қамтылатын мәселелер | Түсініктеме | Иә | Жоқ | ҚЕ/Қ |
|---|---|---|---|---|---|
| Қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға арналған сақтау орнына (үй-жайға) қойылатын талаптар | | | | | |
| 1.* | Сақтауға құқық беретін рұқсаты бар:<br>20__ жылғы "___"_________ дейінгі мерзімге 20__ жылғы "__"_______<br>_____________________ берген №__<br>(ІІО атауы)<br>Жауапты тұлға ___________________<br>(лауазымы, тегі,<br>__________________ болып табылады<br>аты, әкесінің аты) | | | | |
| 2. | Сақтауда (пайдалануда) бар (бұйымдар мен заттардың атауы, олардың саны, нөмірлері, қару саны көп болған жағдайда жеке парақтағы қосымшамен ресімделеді) | | | | |
| 3.* | Тасымалдауға рұқсат бар<br>20__ жылғы "___"_________ дейінгі мерзімге 20__ жылғы "__"_______<br>берген №__, ____________________<br>(ІІО атауы)<br>Жауапты тұлға ___________________<br>(лауазымы, тегі,<br>__________________ болып табылады<br>аты, әкесінің аты) | | | | |
| 4.* | Қызметтік ойық қарудан атыс жүргізілгені туралы актілер бар (атыс жүргізу кезеңділігі 5 жыл) (ойық қарудың әр бірлігі тексеріледі, атыс жүргізу актісі және атыс жүргізілген қарудың атылған оқтары мен гильзалары салыстыра тексеріледі) | | | | |
| 5.* | Үй-жай басқа қосалқы, қызметтік үй-жайлардан оқшауланған | | | | |
| 6.* | Үй-жайдың күрделі қабырғалары бар | | | | |
| 7. | Үй-жайдың төбе жабындары мен едені мықты | | | | |
| 8.* | Үй-жайдың ішкі қабырғаларының (арақабырғалары) мықтылығы бойынша әрқайсысы қалыңдығы 80 мм болатын жұптасқан гипсбетон панельдерге тең, олардың арасына болат тор немесе металл торкөзден арматура қосылған қалыңдығы кемінде 120 мм болатын кірпіш қабырға[1] | | | | |
| 9. | Үй-жай екі есікпен жарақталған | | | | |
| 9.1 | Қалыңдығы кемінде 40 мм болатын тақтайдан жасалған бір танапты сыртқы есікпен жабдықталған, қаңылтыр табағының шеттері есіктің бүйіріне қайырылып, екі жағынан мырышталған төбе жабыны қаңылтырымен қапталған | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9.2 | Екі ішкі құлыпқа жабылады және мөрленеді немесе пломба салынады | | | | |
| 9.3 | Ішкі – болат торлы | | | | |
| 9.4 | Ішкі немесе ілмелі құлыпқа жабылады. | | | | |
| 10. | Қару бөлмесінің есік орнының жақтаушалары (есік қорабы) болат профильден жасалған[2] | | | | |
| 11.* | Терезе ойықтарында үй-жайдың ішкі жағынан немесе рамаларының арасында болат торлар болады | | | | |
| 12.* | Бірінші қабатта орналасқан үй-жайлар үшін | | | | |
| 12.1 | Терезе ойықтары екі жағынан мырышталған болатпен қапталған ішкі металл немесе ағаш қақпақтармен жабдықталған | | | | |
| 12.2 | Тор шыбықтарының шеттері қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке енгізілген және бетонмен құйылған | | | | |
| 12.3 | Терезе ойықтарының қақпақтары ілмелі құлыпқа жабылады | | | | |
| 13. | Есік орындарына орнатылған торлар диаметрі кемінде 15 мм болатын болат шыбықтан жасалған. Шыбықтар әрбір қиылысатын жерде дәнекерленіп, кем дегенде 150x150 мм болатын торшаларды құрайды | | | | |
| 14.* | Терезе ойықтарына торлар диаметрі кемінде 15 мм болат шыбықтан жасалған. Шыбықтар әрбір қиылысатын жерде дәнекерленіп, кем дегенде 150x150 мм болатын торшаларды құрайды | | | | |
| 15.* | Қабырғаларды (арақабырғаларды) күшейту үшін орнатылған торлар диаметрі кемінде 15 мм болат шыбықтан жасалған. Шыбықтар әрбір қиылысатын жерде дәнекерленіп, кем дегенде 150x150 мм болатын торшаларды құрайды | | | | |
| 16. | Желдеткіш терезелер, люктер болған жағдайда оларға өлшемі кемінде 100x100 мм болатын торшалары бар, осы жүйелер арқылы кіру мүмкіндігін болдырмайтын болат торлар орнатылған | | | | |
| 17. | Қабырғадағы инженерлік желілерді өткізуге арналған тесіктердің диаметрі кемінде 200 мм | | | | |
| 18.* | Үй-жай екі немесе одан да көп күзет-өрт сигнализациясы шептерімен жабдықталған | | | | |
| 19. | Күзет сигнализациясы: | | | | |
| 19.1 | Электрлік қорек қалқанына дейін жасырын сыммен орындалған[3] | | | | |
| 19.2 | Терезелерде сигнализация датчиктері бар | | | | |
| 19.3 | Есіктерде сигнализация датчиктері бар | | | | |
| 19.4 | Люктерде сигнализация датчиктері бар | | | | |
| 19.5 | Қабырғаларда сигнализация датчиктері бар | | | | |
| 19.6 | Төбелерде сигнализация датчиктері бар | | | | |
| 19.7 | Едендерде сигнализация датчиктері бар | | | | |
| 20. | Күзет сигнализациясы қару мен патрондар сақталатын сейфтерді, шкафтарды ашқан немесе бұзған кезде іске қосылады | | | | |
| 21. | Күзет сигнализациясы үй-жай ішінде адам көрінген кезде іске қосылады | | | | |
| 22.* | Үй-жай сигнализацияны ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерінде жылжымалы жұмыс орындары бар оператор-фирмалардың орталықтандырылған қадағалау пульттеріне қоса отырып, күзетке берілген | | | | |
| | Үй-жай автономды сигнализациямен жабдықталған, датчиктері қабырғаларға, төбеге, терезе рамаларына орнатылып, ол қарауыл | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 23.* | үй-жайынан (күзет бекеті) басқа, жақын орналасқан қарулы бекетке шығарылған | | | | |
| 24.* | Қару бөлмесінің және қару мен оның патрондары бар металл шкафтардың ( сейфтердің) екі жиынтық кілттері бар | | | | |
| 24.1 | Кілттердің бір жиынтығы қару мен оның патрондарының сақталуы үшін жауапты тұлғада ұдайы болады | | | | |
| 24.2 | Кілттердің екінші жиынтығы мөрленген пеналда атына сақтауға рұқсат берілген ұйым бастығында ұдайы болады | | | | |
| 25. | Қару бөлмесінің, қару мен патрондар бар темір шкафтардың (сейфтердің) кілттерін үстелдерде немесе бөгде адамдарға қол жетімді жерлерде қалдырмайды | | | | |
| 26. | Қару мен патрондар салмағы кемінде 700 кг болатын, бір ішкі құлпы бар ауыр сейфтерде немесе темір шкафтарда (сейфтерде) сақталады, олардың бір ішкі құлпы бар | | | | |
| 26.1 | қабырғаларының қалыңдығы кемінде 3 мм | | | | |
| 26.2 | кемінде екі ішкі құлпы бар | | | | |
| 26.3 | Шкафтардың есіктері болат қондырғалармен және бұрыштармен нығайтылған | | | | |
| 26.4 | Есіктердің ішкі жағында нөмірлері бойынша қарудың тізбесі бар[4] | | | | |
| 27. | Банктердің басқармаларында, бөлімшелерінде, филиалдарында қару мен патрондар темірбетон қоймаларда сақталады, ал олар болмаған жағдайда орталықтандырылған қадағалау пультіне шығарылған күзет сигнализациясы болған жағдайда темірбетоннан жасалған ішкі немесе ішіне ойып салынған шкафтарда (кассаларда) немесе салмағы кемінде 700 кг ауыр сейфтерде сақтауға рұқсат етіледі | | | | |
| 28. | Қару бөлмесінің болат тормен бөлінген бөлігінде сақталуы мүмкін пневматикалық қаруды, арнайы құралдарды, радиостанцияларды және дозиметрлік құрылғыларды қоспағанда, қарумен және патрондармен бірге басқа заттарды сақтау | | | | |
| 29.* | Патрондар қарудан бөлек металл жәшікте, шкафта сақталады | | | | |
| 30. | Сүрту материалдары, май мен сілті, қаруды тазалауға және майлауға арналған заттар қару мен патрондардан бөлек сақталады | | | | |
| Қару мен оның патрондарын есепке алу | | | | | |
| 31.* | Қару мен оның патрондарын есепке алу кітабы: | | | | |
| 31.1 | Нөмірленген | | | | |
| 31.2 | Тігілген | | | | |
| 31.3 | Аумақтық ішкі істер органының "Лицензиялық-рұқсат жүйесі" бедері бар арнайы мөрімен бекітілген | | | | |
| 32.* | Қару мен оның патрондарын беру және қабылдау журналы: | | | | |
| 32.1 | Нөмірленген | | | | |
| 32.2 | Тігілген | | | | |
| 32.3 | Аумақтық ішкі істер органының "Лицензиялық-рұқсат жүйесі" бедері бар арнайы мөрімен бекітілген | | | | |
| 33.* | Тауарлар (қару) сапасы сертификаттарының немесе олардың расталған көшірмелерінің бар-жоғы (дүкендер үшін) | | | | |
| | Травматикалық әрекет ететін патрондары бар қарудың, электрлі қарудың зиян келтіретін факторларының адамға әсер етуіне рұқсат етілетін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 34.* | белгіленген нормаларға сәйкестігі туралы уәкілетті орган қорытындысының бар-жоғы | | | | |
| 35.* | Қару мен оның патрондарын сататын дүкендерде олардың келіп түскенін және сатылғанын есепке алу кітабы | | | | |
| 36.* | Қару-жөндеу шеберханасына келіп түскен қаруды есепке алу кітабы | | | | |
| 37. | Өтініш иесінің санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы (біліктілік талаптарына сәйкес, тіркелген күні мен нөмірін көрсете отырып) қорытынды (тексеру парағы) | | | | |
| 38. | Өтініш иесінің өнеркәсіп саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы (біліктілік талаптарына сәйкес, тіркелген күні мен нөмірін көрсете отырып) қорытынды (тексеру парағы) | | | | |
| 39. | Өтініш иесінің өртке қарсы қауіпсіздік саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы (біліктілік талаптарына сәйкес, тіркелген күні мен нөмірін көрсете отырып) қорытынды (тексеру парағы) | | | | |
| Персоналға қойылатын талаптар | | | | | |
| 40.* | Қаруға қол жетімді адамдарда аумақтық ішкі істер органы берген қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсат қағазы бар (қаруға рұқсаты бар қызметкерлердің штаттық саны көрсетіледі (сыртқы, ішкі бекеттер, ұтқыр топтар, оққағарлар және т.с.с.) | | | | |
| 41.* | Қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге арналған рұқсат қағазда көрсетілген ол туралы мәліметтер қызметтік міндеттерін атқару кезінде тікелей қызметкердегі қаруға сәйкес келеді | | | | |
| Қару мен оның патрондарын әзірлеумен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде: | | | | | |
| 42. | Заңды тұлғада басшысында және оның орынбасарында жоғары техникалық білімнің бар-жоғы, сондай-ақ тиісті Қауіпсіздік ережесін білуі<br>Жеке тұлғалар үшін - жоғары техникалық білімінің бар-жоғы, сондай-ақ тиісті Қауіпсіздік ережесін білуі | | | | |
| 43. | Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережесін білуіне тексерістен өткен білікті мамандардың бар-жоғы | | | | |
| 44. | Қару әзірлеу саласында нормативтік-техникалық құжаттардың жиынтығы түрінде ғылыми базаның, қарудың негізгі (базалық) модельдері мен ( немесе) патрондардың түрлеріне конструкторлық құжаттаманың бар-жоғы | | | | |
| 45.* | Тәжірибе жасалатын үлгі қаруды немесе патрондарды дайындау және сынақтан өткізуге арналған жеке меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік техникалық базаның бар-жоғы, оған:<br>мамандандырылған өндірістік ғимараттар (үй-жайлар), құрал-жабдық, стендтер, сынақ зертханасы, бақылау-өлшеу аппаратурасы;<br>қару мен оның патрондарын әзірлеу жөніндегі цехтың келісілген және белгіленген тәртіппен бекітілген жұмыс жобасы;<br>бөлшектерін, жинау бірліктерін есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй - жайларда орналастырылатын негізгі бөліктерді (ұңғыларды, бекітпелерді, барабандарды, рамаларды, ұңғы қораптарын және т.б.) дайындау жөніндегі механикаландырылған өңдеу және жинау цехтары (учаскелер);<br>техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптарға сәйкес келетін өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған, әзірленген қару мен патрондардың жиынтықтарын сақтауға арналған мамандандырылған үй-жайлар кіреді | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 46. | Әзірлеуге жоспарланған қару мен оның патрондарының тактикалық-техникалық сипаттамаларының бар-жоғы | | | | |
| 47.* | Қару мен оның патрондарының тәжірибелік модельдерін қауіпсіз әзірлеу жөніндегі нұсқаулықтардың, ережелердің және нормативтік-техникалық құжаттардың бар-жоғы | | | | |
| 48. | Үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу бойынша жауапкершілікті сақтандыру келісім-шартының бар-жоғы тексеріледі | | | | |
| Қару мен оның патрондарының өндірісімен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде: | | | | | |
| 49. | Заңды тұлғаның басшысында немесе оның орынбасарында жоғары техникалық білімінің бар-жоғы, сондай-ақ тиісті Қауіпсіздік ережесін білуі<br>Жеке тұлға үшін - жоғары техникалық білімнің бар-жоғы, сондай-ақ тиісті Қауіпсіздік ережесін білуі | | | | |
| 50. | Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережесін білу мәніне білікті тексерістен өткен білікті мамандардың бар-жоғы | | | | |
| 51. | Қару мен оның патрондарының өндірісі мәселелері бойынша нормативтік-техникалық және ғылыми-техникалық құжаттардың жиынтығы түрінде ғылыми базаның бар-жоғы | | | | |
| 52.* | Жеке меншік немесе жалға алу құқығында өндірістік техникалық базаның бар-жоғы, оған:<br>мамандандырылған өндірістік ғимараттар, көлік құралдары, құрал-жабдық, стендтер, сынақ зертханасы, бақылау-өлшеу аппаратурасы;<br>қару мен оның патрондарын шығару жөніндегі цехтардың келісілген және белгіленген тәртіппен бекітілген жұмыс жобасы;<br>бөлшектердің, жинау бірліктерін есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй - жайларда орналастырылатын негізгі бөліктерді (ұңғыларды, бекітпелерді, барабандарды, рамаларды, ұңғы қораптарын және т.б.) дайындау жөніндегі механикаландырылған өңдеу цехы (учаскесі);<br>бөлшектерді, жинау бірліктерін есепке алу және сақтау бойынша жағдайларды қамтамасыз ете отырып, техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптарға сәйкес келетін өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған, оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын жинау цехы;<br>техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптарға сәйкес келетін және өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған, жеке оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын дайын қару мен патрондарды сақтауға арналған мамандандырылған қоймалар;<br>өндіру процесінде жарамсыз болып қалған қару мен оның патрондарының негізгі бөліктерін сақтауға арналған изолятор;<br>санитарлық және өртке карсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін жұмыс істейтін персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жай | | | | |
| 53. | Ниет туралы хаттаманың немесе қаруды сатып алу және пайдалану құқығы бар субъектімен қару мен оның патрондарын өндіруге жасалған келісім-шарттың (шарттың) бар-жоғы | | | | |
| 54. | Шығару жоспарланған қару мен оның патрондарының тактикалық-техникалық сипаттамаларының бар-жоғы | | | | |
| | Жұмыстардың қауіпсіз өндірісі жөніндегі нұсқаулықтардың, ережелердің және нормативтік-техникалық құжаттардың, сондай-ақ материалдарды, жартылай фабрикаттарды (дайын заттарды), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және жарамсыз бұйымдарды: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 55. | бөлшектерді, жинау бірліктерін және дайын бұйымдарды дайындау, тасымалдау және сақтау процесінде оларды есепке алу бойынша;<br>кіріс пен шығысты есепке алу журналын жүргізу (жоспарлы есепке алу, сандық есепке алу, дайын заттарды, бөлшектерді, құрамдас бөліктерді сандық және өлшеп есепке алу) бойынша есепке алу және сақтау жөніндегі құжаттардың бар-жоғы | | | | |
| 56. | Мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыс істеуге Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның аумақтық бөліністері рұқсатының, сондай-ақ режимдік іс-шаралардың қамтамасыз етілуі және жеткілікті болуы тексеріледі | | | | |
| Қару мен оның патрондарын жөндеумен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде: | | | | | |
| 57. | Қару жөндеу жөніндегі білікті мамандардың | | | | |
| 58.* | Техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптарға сәйкес келетін өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған, жеке меншік немесе жалға алу құқығындағы мамандандырылған шеберхананың | | | | |
| 59. | Арнайы құрал-жабдық пен құрылғылардың | | | | |
| 60. | Жұмыстардың қауіпсіз өндірісі жөніндегі нұсқаулықтардың, ережелердің және нормативтік-техникалық құжаттардың | | | | |
| 61.* | Қаруды қабылдау мен беруді есепке алу журналының бар-жоғы тексеріледі | | | | |
| 62.* | Қаруды коллекциялаумен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде қарудың сақталуын, оларды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оларға бөгде адамдардың қол жеткізуін болдырмайтын жағдайлардың бар-жоғы тексеріледі | | | | |
| Қару мен оның патрондарын көрмеге қойып көрсетумен байланысты қызметті жүзеге асырған кезде: | | | | | |
| 63.* | Күзет сигнализациясымен жабдықталған, құлыпқа жабылатын витриналары, сейфтері немесе темір шкафтары бар жеке үй-жайлардың | | | | |
| 64.* | Үй-жайды тәулік бойы күзетудің (күзет қызметін көрсетуге келісім-шарттың) | | | | |
| 65. | Бұйымдарды есепке алу, мерзімді тексеру және сақтау жөніндегі құжаттаманың бар-жоғы тексеріледі | | | | |

[1] Бұрын салынған ғимараттарда болат торлармен күшейтілген тақтайлармен жасалған арақабырғаларға рұқсат етіледі.

[2] Бұрын салынған ғимараттарда өлшемі 30х40 мм, қалыңдығы кемінде 5 мм бұрыштармен күшейтілген, диаметрі 10-12 мм арматуралық болаттан жасалған кем дегенде 10 қадалық істік пен қабырғаға бекітілген ағаш қораптарға рұқсат етіледі.

[3] Күзет сигнализациясы шлейфтерін құбырларға тек үй-жайдың ішіне темірбетон және бетон құрылыс конструкциялары арқылы жүргізуге рұқсат беріледі.

Ескерту: Пайдаланылған белгілердің мағынасы

* - елеулі заң бұзушылықтар;

ИӘ - иә, бар, сәйкес келеді, қанағаттанарлық;

ЖОҚ - жоқ, болмаған, сәйкес келмейді, қанағаттанарлықсыз;

ҚЕ/Қ – қажет емес / қарастырылмаған;
ІІО – ішкі істер органдары.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2009 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 506 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 10 ақпандағы
№ 42 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Нысан

## Жарылғыш заттар мен материалдарды сақтайтын субъектілерді тексеру парағы

Объект ________________________________________________________________
(заңды тұлға/жеке кәсіпкер,
_____________________________________________________________________
атауы, мекен-жайы, телефоны)
Тексеріске қатысушы тұлғалар:
Жауапты тұлға (басшы немесе оның сенім білдірген қызметкері) ________
_____________________________________________________________________
(лауазымы, Т.А.Ә.)
ІІО-ның қызметкері _________________________________________________
(лауазымы, Т.А.Ә.)

| № | Тексеріс барысында қамтылатын мәселелер | Түсініктеме | Иә | Жоқ | ҚЕ/Қ |
|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы талаптар | | | | | |
| 1.* | Сақтауға құқық беретін рұқсаты бар:<br>20__ жылғы "___"_________ дейінгі мерзімге 20__ жылғы "__"_______<br>_____________________ берген №__<br>(ІІО атауы)<br>Жауапты тұлға ___________________<br>(лауазымы, тегі,<br>_________________ болып табылады<br>аты, әкесінің аты) | | | | |
| 2.* | Пайдалануға ТЖМ рұқсаты (куәлігі) бар:<br>20__ жылғы "___"_________ дейінгі мерзімге 20__ жылғы "__"_______<br>_____________________ берген №___<br>(ІІО атауы)<br>Жауапты тұлға ___________________<br>(лауазымы, тегі,<br>_________________ болып табылады<br>аты, әкесінің аты) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
